

## 2009 жылы Байзақ ауданының аумағында тұратын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 17 Шешімі. Жамбыл облысы Байзақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 қаңтарда 87 нөмірімен тіркелді

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 17 бабының 3 тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережесін басшылыққа ала отырып **ШЕШЕМІН:**

1. "Жамбыл облысы Байзақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы М. Бекболатовқа (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында Байзақ ауданының аумағында тұратын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін **т і р к е у жү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .**

2. Ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері "Жамбыл облысы Байзақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, шақыру учаскесіне **д е р к е з і н д е к е л у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

3. "Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жамбыл облысы Байзақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1992 жылғы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақтылы және ұйымшылдықпен **ж і б е р у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

4. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 қаулысымен белгіленген тәртіппен, азаматтар шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылығын **а ы ң қ т а у ү ш і н м е д и ц и н а л ы қ к о м и с с и я д а н ө т к і з і л с і н .**

